

Ақшаны қоспағанда, базалық активі қаржы құралдары (оның ішінде туынды бағалы қағаздарды қоса алғанда, бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары, басқа да цифрлық қаржы активі), қаржы активі, мүліктік құқықтар (талаптар), тауарлар және (немесе) өзге де мүлік болып табылатын цифрлық қаржы активтері, сондай-ақ цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында электрондық-цифрлық нысанда шығарылатын қаржы құралдары түріндегі цифрлық қаржы активтерін шығару, орналастыру, айналымға (айналысқа) жіберу және өтеу шарттары мен қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 20 сәуірдегі № 75 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 22 сәуірде № 38509 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

"Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ақшаны қоспағанда, базалық активі қаржы құралдары (оның ішінде туынды бағалы қағаздарды қоса алғанда, бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары, басқа да цифрлық қаржы активі), қаржы активі, мүліктік құқықтар (талаптар), тауарлар және (немесе) өзге де мүлік болып табылатын цифрлық қаржы активтері, сондай-ақ цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында электрондық-цифрлық нысанда шығарылатын қаржы құралдары түріндегі цифрлық қаржы активтерін шығару, орналастыру, айналымға (айналысқа) жіберу және өтеу шарттары мен қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) бекітілсін.

2. Бағалы қағаздар нарығы департаменті белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2026 жылғы 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Мына:

Қағидалардың 1-қосымшасының 12-тармағының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай редакцияда қолданылатынын:

"12. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің сипаттамасы:

1) ақпараттың конфиденциалды, тұтас және қолжетімді болуын қамтамасыз ету шаралары;

2) ақпараттық жүйелерге және криптографиялық кілттерге қолжетімділікті басқару тәртібі;

3) рұқсатсыз қолжеткізуден, кибероқыс оқиғалардан және цифрлық платформаның жұмысын бұзудан қорғау шаралары;

4) ақпараттық қауіпсіздік оқыс оқиғаларына ден қою тәртібі, оператор мен уәкілетті органға хабарлау;

5) ақпараттық қауіпсіздік және IT-тәуекелдерін басқару саласындағы ішкі саясаттар мен рәсімдердің бар екендігі туралы мәліметтер.";

Қағидалардың 2-қосымшасының 12-тармағының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай редакцияда қолданылатынын белгілей отырып, олардың қолданылуы 2026 жылғы 12 шілдеге дейін тоқтатыла тұрсын:

"12. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің сипаттамасы:

1) ақпараттың конфиденциалдығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету шаралары;

2) ақпараттық жүйелерге және криптографиялық кілттерге қолжетімділікті басқару тәртібі;

3) заңсыз қол жеткізуден, кибероқыс оқиғалардан және цифрлық платформаның жұмыс істеуіне араласудан қорғау шаралары;

4) ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына әрекет ету, оператор мен уәкілетті органға хабарлау тәртібі;

5) ақпараттық қауіпсіздік және IT-тәуекелдерін басқару саласындағы ішкі саясаттар мен рәсімдердің бар екендігі туралы мәліметтер.".

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы*

М. Абылкасымова

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту
Агенттігінің Басқармасының
2026 жылғы 20 сәуірдегі

Ақшаны қоспағанда, базалық активі қаржы құралдары (оның ішінде туынды бағалы қағаздарды қоса алғанда, бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары, басқа да цифрлық қаржы активі), қаржы активі, мүліктік құқықтар (талаптар), тауарлар және (немесе) өзге де мүлік болып табылатын цифрлық қаржы активтері, сондай-ақ цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында электрондық-цифрлық нысанда шығарылатын қаржы құралдары түріндегі цифрлық қаржы активтерін шығару, орналастыру, айналымға (айналысқа) жіберу және өтеу шарттары мен қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ақшаны қоспағанда, базалық активі қаржы құралдары (оның ішінде туынды бағалы қағаздарды қоса алғанда, бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары, басқа да цифрлық қаржы активі), қаржы активі, мүліктік құқықтар (талаптар), тауарлар және (немесе) өзге де мүлік болып табылатын цифрлық қаржы активтері, сондай-ақ цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында электрондық-цифрлық нысанда шығарылатын қаржы құралдары түріндегі цифрлық қаржы активтерін шығару, орналастыру, айналымға (айналысқа) жіберу және өтеу шарттары мен қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Цифрлық активтер туралы заң) 4-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және ақшаны қоспағанда, базалық активі қаржы құралдары (оның ішінде туынды бағалы қағаздарды қоса алғанда, бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары, басқа да цифрлық қаржы активі), қаржы активі, мүліктік құқықтар (талаптар), тауарлар және (немесе) өзге де мүлік болып табылатын цифрлық қаржы активтері, сондай-ақ цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында электрондық-цифрлық нысанда шығарылатын қаржы құралдары түріндегі цифрлық қаржы активтерін шығару, орналастыру, айналымға (айналысқа) жіберу және өтеу шарттары мен қағидаларын белгілейді.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар Цифрлық активтер туралы заңда және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) көзделген мәндерде қолданылады.

Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар қолданылады:

1) смарт-келісімшарт – цифрлық қаржы активтерінің бөлінген тізілімінде цифрлық қаржы активтерін шығару міндеттемелері мен өлшемдерін цифрлық платформада тіркейтін бағдарламалық код;

2) цифрлық қаржы активтерінің бөлінген тізілімі – деректер цифрлық нысанда тіркелетін, бір мезгілде желінің бірнеше қатысушыларында сақталатын және тізілімнің барлық көшірмелері арасында цифрлық қаржы активтерінің құқықтары жөніндегі

жазбалардың өзгермейтіндігі, дәйектілігі және синхрондалуын қамтамасыз ететін цифрлық қаржы активтері туралы жазбаларды жүргізу және сақтау технологиясы;

3) цифрлық қаржы активтерді шығару шарттары – цифрлық қаржы активтерінің эмитенті туралы ақпаратты және шығарылатын цифрлық қаржы активіне қатысты мәліметтерді қамтитын құжат.

2-тарау. Цифрлық қаржы активтерін шығару

3. Цифрлық қаржы активтерінің эмитенті (бұдан әрі – эмитент) базалық активі қаржы құралдары (туынды бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары, өзге де цифрлық қаржы активін қоса алғанда, оның ішінде бағалы қағаздар), қаржы активі, мүліктік құқықтар (талаптар), тауарлар және (немесе) ақшаны қоспағанда өзге де мүлік болып табылатын цифрлық қаржы активтері, сондай-ақ цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында электрондық-цифрлық нысанда шығарылатын қаржы құралдары түріндегі цифрлық қаржы активтерін (бұдан әрі – ЦҚА) шығарады.

4. Эмитент осы ЦҚА шығару туралы өз шешімінің негізінде ЦҚА платформасы операторының цифрлық платформасында ЦҚА шығаруды жүзеге асырады.

Базалық активке ұқсас ЦҚА шығаруды эмитент ЦҚА базалық активін сақтау жөніндегі ұйымда (бұдан әрі - сақтау жөніндегі ұйым) тиісті базалық актив сақтауда болған жағдайда ғана, егер активті сақтау қажет болса жүзеге асырады.

Базалық активке ұқсас ЦҚА шығарылымының көлемі тиісті базалық активтің құны немесе санынан аспауға тиіс.

5. ЦҚА шығарылымын тіркеу осы Қағидалардың 6-тармағында көзделген құжаттар болған және олар цифрлық активтер туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келген жағдайда ЦҚА платформасының операторы жүзеге асырады.

6. ЦҚА-ның шығарылымын тіркеу үшін эмитент ЦҚА платформасының операторына мынадай құжаттарды цифрлық нысанда ұсынады:

1) еркін нысанда жасалған және эмитенттің бірінші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған өтініш;

2) осы ЦҚА-ны шығару туралы эмитенттің басқару органының (қатысушылардың) шешімі;

3) жарғы (егер ол қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жоқ болған жағдайда);

4) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ЦҚА шығарылымының шарттары (жария орналастыру) немесе Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ЦҚА шығарылымының шарттары (жеке орналастыру).

ЦҚА шығарылымының шарттары міндетті түрде инвестордың ЦҚА-ға қатысты инвестициялық шешім қабылдайтыны және осындай шешіммен байланысты барлық тәуекелді көтеретіні туралы ақпаратты қамтиды.

Эмитенттің лауазымды адамдары құжаттарда көрсетілген барлық ақпараттың дұрыс екенін және инвесторларды эмитентке және оның орналастырылатын ЦҚА шығарылымына қатысты жаңылыстырмайтынын растайды.

Базалық активті жоғалтқан немесе оның кінәсінен заңсыз билік еткен жағдайларды қоспағанда, сақтау жөніндегі ұйым эмитенттің ЦҚА ұстаушылары алдындағы міндеттемелері бойынша жауапкершілік атқармайды;

5) жаңадан құрылған эмитенттерді қоспағанда, эмитенттің соңғы қаржы жылындағы жылдық қаржылық есептілігінің (эмитентте еншілес ұйымдар болған жағдайда шоғырландырылған қаржылық есептіліктің) көшірмесі.

7. ЦҚА шығарылымының шарттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу үшін эмитент ЦҚА платформасының операторына мынадай құжаттарды цифрлық нысанда ұсынады:

1) еркін нысанда жасалған және эмитенттің бірінші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған өтініш;

2) ЦҚА шығарылымының шарттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге негіз болған эмитенттің басқару органының (қатысушыларының) шешімі;

3) енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескерілген ЦҚА-ны шығару шарттары.

8. ЦҚА шығарылымының шарттарындағы ақпарат ЦҚА платформасының операторына құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы айдың соңғы жұмыс күніне келтіріледі.

9. ЦҚА платформасының операторы эмитенттердің ЦҚА-ның шығарылымын тіркеу не шығарылым шарттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу үшін ұсынған құжаттарын эмитенттің өтініші цифрлық платформада тіркелген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Эмитенттің өтініші келіп түскеннен кейін ЦҚА платформасының операторы 2 (екі) жұмыс күні ішінде эмитенттің ЦҚА-ны шығару туралы шешімін және ЦҚА шығарылымының шарттарын қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) жібереді.

10. Егер ЦҚА шығарылымының шарттарында базалық активтің болуы көзделсе, ЦҚА платформасының операторы сақтау жөніндегі ұйымнан базалық активтің бар екендігі туралы растауды, базалық активтің жай-күйі, шамалары (саны) және құны туралы ақпаратты алады.

11. ЦҚА платформасының операторы эмитенттің құжаттары цифрлық активтер туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының және

осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда және (немесе) сақтау жөніндегі ұйымның базалық активтің бар екендігі туралы растамасы болмаған кезде (егер активті сақтау талап етілсе) ЦҚА-ның шығарылымын тіркеуден (ЦҚА шығарылымының шарттарына өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеуден) бас тартады.

12. ЦҚА-ның шығарылымын тіркеу (ЦҚА шығарылымының шарттарына өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу) үшін ұсынылған эмитенттің құжаттарын тексеру нәтижелері бойынша ЦҚА платформасының операторы мыналарды жүзеге асырады:

1) эмитенттің әрбір ЦҚА шығарылымына ЦҚА платформасы операторының ішкі қағидаларында белгіленген тәртіппен бірегей тіркеу нөмірін беру. ЦҚА-ның бірегей тіркеу нөмірі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ЦҚА платформасының операторына берген тіркеу нөмірінен басталады және таңбаларды, әріптерді немесе сандарды қоса алғанда, елуден аспайтын белгілерді қамтиды;

2) цифрлық платформада тиісті жазбаны орналастыру арқылы ЦҚА-ның шығарылымы (ЦҚА шығарылымының шарттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу);

3) эмитентке цифрлық платформаға қолжетімділік беру;

4) уәкілетті органға және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" акционерлік қоғамына ЦҚА шығарылымы (ЦҚА шығарылымының шарттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу) туралы ақпарат жібереді.

13. Эмитент өзінің интернет-ресурсында (бар болса) ЦҚА платформасы операторының цифрлық платформасына қолжеткізген күннен кейінгі күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ЦҚА-ның шығарылымы туралы не ЦҚА шығарылымының шарттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы ақпаратты жариялауға міндетті.

3-тарау. ЦҚА-ны орналастыру, оның айналымы (айналысы) және өтеу

14. ЦҚА-ны орналастыру ЦҚА шығарылымының шарттарына сәйкес ЦҚА платформасы операторының цифрлық платформасында жүзеге асырылады.

ЦҚА-ның айналымы (айналысы) ЦҚА платформасы операторының цифрлық платформасында және (немесе) цифрлық активтер сауда платформасының операторының платформасында жүзеге асырылады.

Эмитент ЦҚА-ны адамдардың шектеусіз тобы арасында (жария орналастыру) не білікті инвесторлар арасында (жеке орналастыру) орналастыруға құқылы.

ЦҚА-ны орналастырған кезде жарнама орынсыз жарнамаға тыйым салуды қоса алғанда, Жарнама туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

15. ЦҚА-мен мәмілелерді тіркеу, сондай-ақ ЦҚА-ның айналыста болуына немесе ол бойынша құқықтарды өткізуге тіркелген шектеулер (ауыртпалықтар) туралы мәліметтерді есепке алу және сақтау ЦҚА платформасы операторының ішкі құжаттарына сәйкес ЦҚА-ны ұстаушыларды есепке алу жүйесінде жүзеге асырылады.

16. ЦҚА-ны өтеуді эмитент ЦҚА шығарылымының шарттарына сәйкес ЦҚА платформасы операторының цифрлық платформасында жүзеге асырады.

Қағидаларға
1-қосымша

Цифрлық қаржы активтерін шығару шарттары (жария орналастыру)

1-тарау. Эмитент туралы ақпарат

1. Эмитент туралы ақпарат:

- 1) эмитенттің мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні;
- 2) эмитенттің толық және қысқартылған атауы қазақ, орыс және ағылшын (бар болса) тілдерінде;
- 3) эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 4) ISO 17442 "Financial services – Legal Entity Identifier" (LEI) (Файнаншл сервисез – Легал Энтити Айдэнтифайер) (бар болса) халықаралық стандарттарына сәйкес Legal Entity Identifier (Легал Энтити Айдэнтифайер) коды;
- 5) абоненттік телефон нөмірі, электрондық пошта және интернет-ресурс (бар болса) мекенжайы көрсетілген, эмитенттің орналасқан жері;
- 6) эмитенттің негізгі қызмет түрлері;
- 7) эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан астам пайызын иеленген құрылтайшылар немесе ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер;
- 8) тәуелсіз директорларды, олардың сайланған күні мен соңғы үш жылдағы және ағымдағы қызметін, сондай-ақ эмитенттің оларға тиесілі дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) мөлшері және олардың еншілес және тәуелді қоғамдардың жарғылық капиталдарына қатысу үлесі туралы деректерді көрсете отырып, директорлар кеңесінің (байқау кеңесінің) төрағасы мен мүшелері туралы ақпаратты қамтитын эмитенттің басқару органдары туралы мәліметтер;
- 9) атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға туралы не алқалы атқарушы органның басшысы мен мүшелері туралы ақпаратты, олардың сайланған күні мен өкілеттіктерінің көлемін, соңғы үш жылдағы және қазіргі еңбек қызметі туралы мәліметтерді, сондай-ақ оларға тиесілі дауыс беретін акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің мөлшері туралы деректерді қамтитын эмитенттің атқарушы органы туралы мәліметтер;

10) соңғы аяқталған қаржы жылы үшін эмитенттің қаржылық есептілігіне аудит жүргізген аудиторлық ұйымның атауын, аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензияның нөмірі мен күнін қоса алғанда, эмитенттің аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер;

11) эмитенттің үлестес тұлғалары (егер эмитенттің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған болса, бұл тармақты эмитент толтырмайды).

2-тарау. ЦҚА платформасы операторы туралы мәліметтер

2. ЦҚА платформасы операторы туралы ақпарат:

- 1) ЦҚА платформасы операторының мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні;
- 2) ЦҚА платформасы операторының толық және қысқартылған атауы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (бар болса);
- 3) ЦҚА платформасы операторының бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 4) абоненттік телефон нөмірі, электрондық пошта және интернет-ресурс мекенжайы көрсетілген, ЦҚА платформасы операторының орналасқан жері;
- 5) ЦҚА платформасы операторының ЦҚА платформасы операторлары тізіліміне енгізілуінің тіркеу нөмірі және күні.

3-тарау. ЦҚА жөнінде мәліметтер

3. Шығарылатын ЦҚА арқылы расталатын құқықтардың түрі мен көлемі (мүліктік құқық, талап ету құқығы және т.б.).

4. Шығарылатын ЦҚА саны мен көлемі, сондай-ақ ЦҚА орналастыру бағасын анықтау тәртібі, ЦҚА базалық актив бірлігіне қатынасы.

5. ЦҚА орналастыру басталуы мен аяқталу күні, олардың орналастыру шарттары.

6. Шығарылатын ЦҚА төлем тәсілі (ақшалай төлем және (немесе) басқа заттар немесе мүліктік құқықтар, оның ішінде цифрлық құқықтар не ақшалай бағалауға ие басқа да құқықтар).

7. ЦҚА арқылы расталатын міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету (шығарылатын ЦҚА бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету сипаттамасы мен оның құны көрсетіледі).

8. Эмиссиялық бағалы қағаздармен байланысты құқықтарды іске асыруға ЦҚА ұстаушының құқығын куәландыратын ЦҚА шығарған кезде не осындай бағалы қағаздарды алу құқығы: эмиссиялық бағалы қағаздың түрі мен халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) көрсетіледі, ол бойынша оның берілуін талап ету құқығын қоса алғанда, құқықтар куәландырылады.

Егер ЦҚА эмиссиялық бағалы қағазды беру құқығын куәландырған жағдайда - тиісті эмиссиялық бағалы қағазды беруді талап ету құқығы туындаған мерзім немесе оқиға көрсетіледі.

9. ЦҚА бойынша кіріс (бар болса) (ақшалай төлемдер, құнның өсуі, басқа активтер немесе құқықтарды алу, сондай-ақ белгілі оқиғалар кезінде алынатын кіріс).

10. ЦҚА өтеу шарттары мен тәртібі (ЦҚА өтеуге жататын оқиға немесе мән-жайлар, сондай-ақ оның қолданылуын тоқтату және эмитенттің ұстаушы алдындағы міндеттемелерін орындау бойынша іс-қимылдардың реттілігі).

11. ЦҚА шығарудың технологиялық инфрақұрылымы:

1) ЦҚА шығару және айналымы жүзеге асырылатын қолданылатын бөлінген тізілімнің (блокчейн-хаттамасының) сипаттамасы;

2) желінің жұмыс істеу қағидаттары туралы мәліметтер;

3) ЦҚА шығаруды және айналымын қамтамасыз ететін смарт-келісімшарттың сипаттамасы, оның ішінде тәуелсіз аудит жүргізілгені туралы мәліметтер (бар болса);

4) смарт-келісімшарт кодының өзгермейтіндігін не оған өзгерістер енгізу тәртібін қамтамасыз етуге бағытталған шараларының сипаттамасы;

5) бөлінген тізілімдегі жазбалардың сақталуы мен өзгермейтіндігін қамтамасыз ету тетіктері, сондай-ақ кілттерден айырылу немесе техникалық ақау кезінде қолжетімділікті қалпына келтіру (тиісті функциялық мүмкіндігі болған жағдайда) тәртібі туралы мәліметтер.

12. Киберқауіпсіздікті басқару жүйесінің сипаттамасы:

1) ақпараттың конфиденциалды, тұтас және қолжетімді болуын қамтамасыз ету шаралары;

2) цифрлық жүйелерге және криптографиялық кілттерге қолжетімділікті басқару тәртібі;

3) рұқсатсыз қол жеткізуден, кибероқыс оқиғалардан және цифрлық платформаның жұмысын бұзудан қорғау шаралары;

4) киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою және ЦҚА платформасы операторы мен уәкілетті органға хабарлау тәртібі;

5) киберқауіпсіздік және IT-тәуекелдерін басқару саласындағы ішкі саясаттар мен рәсімдердің бар екендігі туралы мәліметтер.

13. ЦҚА ұстаушылардың құқықтарын толық сипаттау (ақшалай төлемдер және (немесе) басқа активтерді алу, ЦҚА беру немесе иеліктен шығару, ЦҚА өтеуді талап ету, ақпарат алу және басқа да құқықтар).

14. Эмитент қабылдайтын шектеулер және (немесе) ұстаушылар үшін шектеулер (бар болса).

15. ЦҚА-ны иеленуге байланысты тәуекелдер (тәуекелдерді сипаттау: салалық, қаржылық, құқықтық, валюталық және өзге де тәуекелдер).

16. Дефолт туралы ақпарат (оның туындау негіздері, ЦҚА ұстаушылар үшін құқықтық салдары, қорғау тетіктері).

Қағидаларға
2-қосымша

Цифрлық қаржы активтерін шығару шарттары (жеке орналастыру)

1-тарау. Эмитент туралы ақпарат

1. Эмитент туралы ақпарат:

- 1) эмитенттің мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні;
- 2) эмитенттің қазақ, орыс және ағылшын (бар болса) тілдерінде толық және қысқартылған атауы;
- 3) эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 4) абоненттік телефон нөмірін, электрондық пошта және интернет-ресурсы (бар болса) мекенжайын көрсете отырып, эмитенттің орналасқан жері.

2-тарау. ЦҚА платформасы операторы туралы мәліметтер

2. ЦҚА платформасы операторы туралы ақпарат:

- 1) ЦҚА платформасы операторының қазақ, орыс және ағылшын (бар болса) тілдерінде толық және қысқартылған атауы;
- 2) ЦҚА платформасы операторының бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 3) абоненттік телефон нөмірі, электрондық пошта және интернет-ресурс (бар болса) мекенжайы көрсетілген, ЦҚА платформасы операторының орналасқан жері;
- 4) ЦҚА платформасы операторының тіркеу нөмірі және ЦҚА платформасы операторларының тізіліміне енгізілген күні.

3-тарау. ЦҚА жөніндегі мәліметтер

3. Шығарылатын ЦҚА арқылы куәландырылатын құқықтардың түрі мен көлемі (мүліктік құқық, талап ету құқығы және т.б.).

4. Шығарылатын ЦҚА мөлшері мен көлемі, сондай-ақ ЦҚА-ны орналастыру бағасын анықтау тәртібі, ЦҚА мөлшерінің базалық актив бірлігіне қатынасы.

5. ЦҚА орналастырудың басталған және аяқталған күні, оларды орналастыру шарттары.

6. Шығарылатын ЦҚА үшін төлем тәртібі (ақша қаражатымен төлем және (немесе) өзге заттар немесе мүліктік құқықтарды, оның ішінде цифрлық құқықтарды, ақшалай бағасы бар да құқықтарды беру).

7. ЦҚА арқылы куәландырылатын міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету (шығарылатын ЦҚА бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету сипаттамасы мен оның құны көрсетіледі).

8. ЦҚА ұстаушысының эмиссиялық бағалы қағаздармен байланысты құқықтарды іске асыру құқығын немесе осындай бағалы қағаздарды алу құқығын куәландыратын ЦҚА-ны шығару кезінде мыналар көрсетіледі: құқықтарды куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаздың түрі және халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды), оның ішінде оны беруді талап ету құқығы.

Егер ЦҚА эмиссиялық бағалы қағазды беруге құқықты куәландыратын жағдайда, тиісті эмиссиялық бағалы қағазды беруді талап ету құқығын туындататын мерзім немесе оқиға көрсетіледі.

9. ЦҚА бойынша кіріс (бар болса) (ақшалай төлемдер, құн өсімі, өзге активтерді немесе құқықтарды алу, сондай-ақ белгілі оқиғалар туындаған жағдайда алынатын кіріс).

10. ЦҚА-ны өтеу шарттары мен тәртібі (олар туындаған жағдайда ЦҚА өтелуге тиіс оқиға немесе міндеттемелер, сондай-ақ оның іс-қимылын тоқтату және эмитенттің ұстаушы алдындағы міндеттемелерді орындау бойынша іс-әрекеттерінің жүйелілігі).

11. ЦҚА шығарудың технологиялық инфрақұрылымы:

1) ЦҚА шығарылымы және айналымы жүзеге асырылатын қолданылатын бөлінген тізілімнің (блокчейн хаттамасының) сипаттамасы;

2) желінің жұмыс істеу қағидаттары туралы мәліметтер;

3) ЦҚА шығарылымын және айналымын қамтамасыз ететін смарт-келісімшарттың сипаттамасы, оның ішінде тәуелсіз аудит жүргізу туралы ақпарат (бар болса);

4) смарт-келісімшарт кодының өзгермейтіндігін немесе оған өзгерістер енгізу тәртібін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар сипаттамасы;

5) бөлінген тізілімдегі жазбалардың сақталуы мен өзгермеуін қамтамасыз ету тетіктері, сондай-ақ кілттердің жоғалуы немесе техникалық іркіліс кезінде қолжетімділікті қалпына келтіру тәртібі туралы мәліметтер (тиісті функционалдығы бар болса).

12. Киберқауіпсіздікті басқару жүйесінің сипаттамасы:

1) ақпараттың конфиденциалдығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету шаралары;

2) цифрлық жүйелерге және криптографиялық кілттерге қолжетімділікті басқару тәртібі;

3) рұқсатсыз қол жеткізуден, кибероқыс оқиғалардан және цифрлық платформаның жұмыс істеуіне араласудан қорғау шаралары;

4) Киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою, ЦҚА платформасы операторы мен уәкілетті органға хабарлау тәртібі;

5) Киберқауіпсіздік және IT тәуекелдерін басқару саласындағы ішкі саясаттар мен рәсімдердің бар екендігі туралы мәліметтер.

13. ЦҚА ұстаушылары құқықтарының толық сипаттамасы (ақшалай төлемдер және (немесе) өзге активтерді алу, ЦҚА беру немесе иеліктен шығару, ЦҚА өтеуді талап ету, ақпарат алу және өзге де құқықтар).

14. Дефолт туралы ақпарат (оның туындау негіздері, ЦҚА ұстаушылары үшін құқықтық салдарлар, қорғау тетіктері).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ